



АҚ «Қ. Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»	
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
Іс-қимыл тәртібі туралы ереже	
Элективті пәндер каталогын әзірлеу туралы ереже	XC ISO 9000:2015 XC ISO 9001:2016 XC ISO 37001:2016
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-14	Күні « 18 » маусым 20 25 ж.




БЕКІТЕМІН

Құлажанов атындағы  
«ҚазТБУ» АҚ Ректоры  
Л.К. Байболова  
« 18 » маусым 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ  
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-14

КЕЛІСІЛДІ

  
АСЖ Проректор  
Э.Б. Аскарбеков  
« 18 » маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа: \_\_\_\_\_

КЭ: \_\_\_\_\_

«Google диск» бойынша тіркеу № \_\_\_\_\_

## АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ережені Білім беру бағдарламалары басқармасы әзірленген.

Осы Ереженің талаптары оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Ережені мерзімді тексеруді ББББ басшысымен 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректорымен бекітіледі және бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Ережеге өзгерістер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

2024 жылғы 29 ақпандағы № 7 Ғылыми кеңес отырысының шешімімен бекітілген ҚА 10.07.18-2022 «Элективті пәндер каталогын әзірлеу туралы ережесі» құжатының күші жойылды деп танылсын.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	2
1. Құжаттың атауы	4
2. Әзірлеуші	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты	4
4. Нормативтік сілтемелер	4
5. Терминдер мен анықтамалар	5
6. Қолданылған қысқартулар	7
7. Жалпы ережелер	7
8. Элективті пәндер каталогын әзірлеуге қойылатын талаптар	8
9. Оқу пәндерін кодтау	9
10. Элективті пәндер каталогын қарау және бекіту тәртібі	10
11. Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу әрекеттері	10
12. Жауапкершілік және өкілеттіктер	10
13. Қосымшалар	12
Элективті пәндер каталогының нұсқасы Н.ББББ-8.3/8.1-2025-14-01 (міндетті)	12
Латын әліпбиінің әріптік белгілері Н.ББББ-8.3/8.1-2025-14-02 (міндетті)	15
Келісу парағы	16
Танысу парағы	16
Тіркеу өзгерістерінің парағы)	17
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы	17

## 1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Элективті пәндер каталогын әзірлеу туралы ереже ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-14

## 2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы

## 3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

3.1 Университетте оқытудың іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша оқу жоспарларына кіретін пәндердің сипаттамасы мен элективті пәндер каталогын (бұдан әрі - ЭПК) жасауға бірыңғай тәсілдерді әзірлеу.

## 4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 4.1 ХС ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар
- 4.2 ХС ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік
- 4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі - Қолдану бойынша талаптар мен ұсыныстар;
- 4.4 ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (2025 жылғы 15 сәуірдегі өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.5 ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек кодексі (2025 жылғы 19 мамырдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.6 ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 Қаулысы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» (2024 жылғы 14 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.7 ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (2024 жылғы 24 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.8 ҚР ҒЖБМ-нің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (2025 жылғы 22 сәуірдегі өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.9 ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2025 жылғы 26 наурыздағы өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.10 ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 Бұйрығы «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2024 жылғы 21 мамырдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.11 ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 Бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» (2024 жылғы 05 қаңтардағы өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.12 ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» (2023 жылғы 27 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.13 ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» (2023 жылғы 21 шілдедегі өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.14 «Академиялық саясат» ҚазТБУ-ОҮЖ-ЕСБ-8.3/8.1-2025-01;

4.15 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның СЖҚ стандарты;

4.16 Білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясаты ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-34.

### 5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Академиялық кредит	Білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі
Академиялық кезең (Term)	Университет үш нысанның бірінде: семестр, триместр, тоқсан түрінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі
Академиялық сағат	Оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі. 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады.
Бакалавриат	Кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі
Жоғары оқу орны компоненті	Білім беру бағдарламасын меңгеру үшін университет дербес айқындайтын оқу пәндерінің және сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Дескрипторлар	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін білім алушылар алған білім, білік, дағдылар мен құзыреттер деңгейі мен көлемін оқыту нәтижелеріне, қалыптастырылған құзыреттерге негізделген сипаттама
Құжаттандырылған ақпарат	Ол қамтылған ұйым мен тасымалдаушы басқаруы және қолдауы тиіс ақпарат
Қос дипломды білім	Екі тең диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында екі білім беру бағдарламасы мен оқу жоспары бойынша оқыту мүмкіндігі
Білім	Жеке және кәсіби қызметте қолданылатын ақпарат, нормалар
Білім алушылардың қорытынды аттестациясы (Qualification Examination)	Тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін олардың игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім
Қорытынды бақылау	Оқу пәнін немесе оның бір бөлігін оқып бітіргеннен кейін аралық аттестаттау кезеңінде өткізілетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау нысаны
Бағалау критерийлері	Білім алушылардың құзыреттілікке қойылатын талаптарға сәйкестігіне оқу нәтижесін бағалау бойынша шешім қабылдауға арналған іс-әрекеттер тізбесі
Таңдау компоненті	Университет ұсынатын оқу пәндерінің және сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі, білім алушылар олардың пререквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде дербес таңдайды
Элективті пәндер каталогы	Таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйелендірілген аннотацияланған тізбесі, олардың оқу мақсатын, қысқаша

	мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және оқудың күтілетін нәтижелерін (білім алушылар алатын білім, білік, дағды және құзыреттіліктер) көрсете отырып, қысқаша сипаттамасын қамтиды
<b>Біліктілік</b>	Қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі
<b>Құзыреттілік</b>	Оқыту процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық пайдалану қабілеті
<b>Оқытудың кредиттік технологиясы</b>	Академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді оқу кезектілігін таңдау және өз бетінше жоспарлау негізінде оқыту
<b>Магистратура</b>	Кемінде 60/120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі
<b>Модуль</b>	Оқу нәтижелері тұрғысынан автономды, аяқталған, білім алушылар меңгеретін білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды, құзыреттерді және оларды бағалаудың адекватты критерийлерін нақты тұжырымдаған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі
<b>Модульдік оқыту</b>	Білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі
<b>Дағдылар</b>	Қызметкер бақылай алмайтын, бірақ қызмет нормаларының талаптарына сәйкес келетін іс-әрекеттер
<b>Ұлттық біліктілік шеңбері</b>	Еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы
<b>Білім беру бағдарламасы</b>	Оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үрдісін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшем шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені
<b>Міндетті компонент</b>	МЖМБС белгілеген және білім алушылар міндетті түрде оқыту бағдарламасы бойынша білім алатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі
<b>Бағалау</b>	Талдау барысында жиналған деректер мен дәлелдерді интерпретациялау. Бағалау бағдарламаның білім беру мақсаттарына, оқу нәтижелеріне жету дәрежесін анықтайды және бағдарламаны жетілдіруге қатысты шешімдер мен іс-әрекеттерге алып келеді.
<b>Постреквизиттер (Postrequisite)</b>	Берілген пән мен (немесе) модульді оқып бітіргеннен кейін меңгерілетін білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды және құзыреттерді талап ететін пәндер және (немесе) модульдер мен оқу жұмысының басқа да түрлері
<b>Пререквизиттер (Prerequisite)</b>	Оқытылатын пәнді және (немесе) модульді игеру үшін қажетті білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды және құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер мен оқу жұмысының басқа да түрлері
<b>Кәсіби стандарт</b>	Кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт
<b>Оқыту нәтижелері</b>	Білім беру бағдарламасын игеру барысында білім алушының игерген, көрсеткен және бағамен расталған білім, іскерлік, дағдылар көлемі мен қалыптасқан құндылықтар

<b>Білім беру бағдарламаларының тізілімі (бұдан әрі – БББ тізілімі)</b>	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның «жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі» ақпараттық жүйесі
<b>Процесс тәуекелдері</b>	Пайда болған жағдайда процестің барысына теріс әсер етуі және оның нәтижелілігін төмендетуі мүмкін іс-әрекеттер, оқиғалар немесе жағдайлар, сондай-ақ сәйкестендірілгендердің пайда болуын азайтуға бағытталған алдын алу іс-әрекеттері
<b>Сапа менеджменті жүйесі</b>	Сапаға бағытталған басқару жүйесінің бөлігі
<b>Үлгілік оқу бағдарламасы</b>	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 5-бабы 5-2) тармақшасына сәйкес мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетін айқындайтын білім беру бағдарламасының міндетті компоненті пәнінің оқу құжаты
<b>Оқу жоспары</b>	Тиісті білім беру деңгейінің және оқыту нысанының білім алушыларының оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің, кәсіби практиканың, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) реттейтін құжат
<b>Эдвайзер (Advisor)</b>	Тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің функцияларын орындайтын, оқу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын игеруге жәрдем көрсететін оқытушы
<b>Элективті пәндер</b>	Белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде жоғары оқу орнының компонентіне және таңдау бойынша компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшелігін және нақты өңірдің қажеттіліктерін, қалыптасқан ғылыми мектептерді ескеретін оқу пәндері

## 6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Толық атауы
<b>МЖМББС</b>	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
<b>ЭПК</b>	Элективті пәндер каталогы
<b>ҚР ҒЖЖБМ</b>	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
<b>СҚЕЖАБ</b>	Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу бөлімі
<b>ПОҚ</b>	Профессор-оқытушылар құрамы
<b>СЖБӨ</b>	Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі
<b>СМЖ</b>	Сапа менеджменті жүйесі
<b>ҚР СТ</b>	Қазақстан Республикасының Стандарты
<b>УСТ</b>	Университет Стандарты
<b>БББ</b>	Білім беру бағдарламасы
<b>ББББ</b>	Білім беру бағдарламаларын басқару
<b>Университет</b>	«Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ

## 7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы элективті пәндер каталогы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ (бұдан әрі - Университет) элективті пәндер каталогын қалыптастыру үшін қажетті негізгі талаптарды қамтиды.

7.2 Ереже университеттің кафедралары мен факультеттері үшін міндетті болып табылады және кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесіне қатысатын

университеттің барлық бөлімшелеріне арналған.

7.3 ЭПК оқу мақсатын, мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және күтілетін оқу нәтижелерін (білім алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттіліктері) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесін білдіреді.

7.4 ЭПК жалпы және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға оқу үшін айқындалған пәндер жиынтығын ұсынады және оқытудың барлық кезеңіне бекітіледі.

7.5 ЭПК әрбір БББ-ға жеке жасалады.

7.6 ЭПК құрастыру кезінде ғылымның, техниканың даму тенденциялары, нарықтың қажеттіліктері және Университеттің білім беру қызметтерін тұтынушылардың сұраныстары ескерілуі керек.

7.7 ЭПК мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде қалыптастырылады.

7.8 ЭПК-да әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттерін көрсетеді.

7.9 ЭПК білім алушыларға элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

7.10 ЭПК негізінде кафедралар пәндердің оқу-әдістемелік қамтамасыз етуін әзірлейді.

7.11 ЭПК барлық білім беру бағдарламалары мен білім деңгейлері (бакалавриат, магистратура) үшін жасалады және Университетте кадрлар даярлау жүзеге асырылатын бірқатар білім салаларының түйіскен жерінде кадрлар даярлауды қамтамасыз етіп, бекітілген Білім беру бағдарламаларының тізбесіне сәйкес барлық оқу пәндерінің толық тізбесін қамтиды.

7.11.1 бұл ретте әлеуметтік ерекшелікті ескере отырып, еңбек нарығы қалыптастыратын интеграцияланған білім мен кәсіби құзыреттерді алу үшін білім алушының өзінің мүдделері ескеріледі

7.11.2 ЭПК білім алушыларға жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті пәндерді балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша, кәсіптік практикадан өту нәтижелері бойынша және т.б. ЭПК-ға жаңа пәндерді енгізуге болады.

7.12 Эдвайзердің жетекшілігімен білім алушы өзінің жеке қабілеттерін ескере отырып, ЭПК-дан пәндер тізбесін таңдайды және өзінің жеке оқу жоспарын қалыптастырады.

## **8. ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН К ӘЗІРЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

8.1 Білім беру бағдарламасы бойынша ЭПК білім алушыларды тиісті БББ бойынша даярлауды қамтамасыз ететін бітіруші кафедраның ЖТ-мен әзірленеді. Жұмыс тобының құрамына мыналар жатады:

8.1.1 кафедра меңгерушісі;

8.1.2 кадрлар даярлауды жүзеге асыратын кафедраның жетекші ПОҚ;

8.1.3 сабақтас кафедралардың ПОҚ;

8.1.4 білім алушылар;

8.1.5 жұмыс берушілер мен стейкхолдерлер.

ЭПК келесі талаптарды ескере отырып әзірлеу ұсынылады:

8.2.1 білім алушылардың мүдделерін ескеретін студенттік орталықтандырылған тәсіл;

8.2.2 оқу нәтижелерінің белгілі бір кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын оқу пәнінің мазмұнына сәйкестігі қағидаттары;

8.2.3 пәнаралық, оқу пәндерінің мультидисциплинарлық принциптері; байланысты білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ оқытудың іргелі және қолданбалы бағыттарын интеграциялау;

8.2.4 Университетпен бірлесіп қос дипломды білім беруді іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындарының ЭПК-сынан курстарды енгізу.

8.3 ЭПК-ның сапалы құрастырылуына әзірлеуші кафедра жауапты болып табылады.

8.4 ЭПК әзірлеу келесі кезеңдерді қамтиды:

8.4.1 жоғары оқу орны компоненті тізбесін құрастыру;

8.4.2 пәндер циклдарын көрсете отырып таңдау компонентінің оқу пәндерінің толық тізбесін (ЖББП, БП, БП) және олардың кредитте көлемін жасау;

8.4.3 білім алушыларды элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз ету (екіден кем емес);

8.4.4 әр пән бағдарламасының қысқаша сипаттамасы 55 сөзден аспайды (курстың қысқаша сипаттамасында пәнді оқығаннан кейін білім алушылар алатын мақсат, негізгі теориялық білім мен практикалық дағдылар нақты және қысқаша тұжырымдалады. Пәннің сипаттамасында дәрістерден, оқулықтардан ешқандай терминдер, үзінділер болмауы керек);

8.4.5 пән бойынша оқыту нәтижелері;

8.4.6 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу пәндерін кодтау жүйесіне сәйкес әр пәнге код беру;

8.4.7 білім алушылардың пәндерді таңдауда үздік бағдарлануы үшін барлық пәндерге пререквизиттер мен постреквизиттерді көрсету қажет:

8.4.7.1 бірінші курстың кейбір пәндері үшін Пререквизиттер мектеп бағдарламасының пәндері болуы мүмкін;

8.4.7.2 кейбір жоғары курс пәндері үшін Постреквизиттер кәсіби тәжірибе немесе дипломдық жұмыс/жоба жазу болуы мүмкін. Жұмыс тобы ЭПК құрастыру аяқталғаннан кейін білім алушыларға, жұмыс берушілерге және стейкхолдерлерге презентация өткізу қажет.

8.5 Әрбір оқу пәнінің көлемі кредиттердің бүтін санын құрауы тиіс (әдетте, кемінде 5 кредит, ерекшелік 3-4 кредиттік пәндер).

8.6 ЭПК әзірлеуге оқу процесіне тартылған барлық кафедралар қатысады. Элективті пән туралы мәлімдеген кафедралар ЭПК әзірлеуші кафедрасының бірінші талабы бойынша жоғарыда аталған кезеңдерге сәйкес осы пән туралы толық ақпаратты ұсынуға міндетті.

8.7 Бітіруші кафедралар таңдау бойынша компонент пәндерін қалыптастыруға дайындықтың тиісті бағыты бойынша жұмыс берушілерді тартады. Жұмыс берушілердің қатысуы құжатпен расталуы керек.

8.8 Жыл сайын ЖОО белгіленген нысанға Н.ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-14-01 сәйкес өндірістің заманауи талаптары мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, элективті пәндер каталогын (ЭПК) әзірлейді.

8.9 ЭПК құрастыру аяқталғаннан кейін жұмыс тобы білім алушыларға, жұмыс берушілерге және стейкхолдерлерге презентация өткізеді.

8.10 Жұмыс тобы құзыреттілік матрицасының көмекші құралының көмегімен өзекті емес элективті пәндерді анықтап, түлек моделінің сұранысқа ие құзыреттіліктерінің пакетін жаңарту үшін оқытудың белгілі бір нәтижелері мен құзыреттіліктерін қалыптастыратын жаңа пәндерді енгізу ұсынылады. Әрі қарай, жұмыс тобы ЭПК-дан өзекті емес пәндерді шығару немесе жаңа сұранысқа ие пәндерді енгізу туралы қорытынды ұсынуы керек.

## 9. ОҚУ ПӘНДЕРІН КОДТАУ

9.1 Оқу пәндерінің кодтары әріптік-цифрлық алфавит арқылы белгіленеді. Әріптік бөлік латын әліпбиінің әріптерімен (Н.ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-14-02), сандық бөлігі араб цифрларымен ұсынылған.

9.2 Кодтың негізі екі немесе одан да көп әріптік белгілерден және төрт сандық белгілерден тұрады.

9.3 Егер оқу пәнінің атауында бір сөз ұсынылса, онда кодтың әріптік бөлігі латын әліпбиін қолдана отырып, осы сөздің алғашқы үш әрпінен құралады, ал бірінші әріп бас әріппен жазылады, қалғандары кіші әріппен жазылады (мысалы, Математика - Mat, Физика - Fiz).

9.4 Егер оқу пәнінің атауында екі немесе одан да көп сөз ұсынылса, онда кодтың әріптік бөлігі латын әліпбиін пайдалана отырып, әрбір сөздің бас әріптерінен құралады, пәнді кодтау мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде бірыңғай болуға тиіс

9.4.1 Пәнді латын әліпбиімен кодтау кезінде кодтың әріптік бөлігі үшін бір оқыту тілін (орыс) қолданамыз.

9.5 Кодтың бірінші цифрлық белгісі оқу курсың білдіреді: 1,2,3,4 - бакалавриат шеңберіндегі оқу курстары, 5,6 - магистратурада оқу жылдары.

9.6 Екінші цифрлық белгі осы оқу пәні жататын циклды көрсетеді.

9.7 Бұл ретте жалпы білім беретін пәндер (ЖББП) циклі 1 цифрлық белгісімен, базалық пәндер циклі - 2 белгісімен, бейіндеуші пәндер циклі - 3 белгісімен белгіленеді.

9.8 Үшінші және төртінші цифрлық белгілер білім беру бағдарламасының осы пәнінің реттік нөмірін көрсетеді.

9.9 Альтернативті пәндерді кодтау кезінде цифрлық бөлім өзгеріссіз қалады.

9.10 Пәнді әріптік және цифрлық кодтаудан кейін сызықша арқылы оқу жылының соңғы екі цифры қойылады, мысалы, Физика-Fiz 1205-23.

## 10. ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ҚАРАСТЫРУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

10.1 Факультет деканы бітіруші кафедраның меңгерушісіне нақты мерзімдерін көрсете отырып, тиісті БББ бойынша ЭПК әзірлеуге тапсырма береді.

10.2 Әзірленген ЭПК кафедра отырысында талқыланады.

10.3 Кафедраның дәлелді қорытындысы факультеттің академиялық сапа жөніндегі комиссиясының қарауына және бекіту үшін университеттің әдістемелік кеңесінің отырысына ұсынылады, ол оқу процесінде ЭПК пайдалану мүмкіндігі туралы соңғы шешім қабылдайды.

## 11. ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПРОЦЕСС ПЕН ӘРЕКЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

11.1 Тәуекелдер мыналарға байланысты:	11.2 Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-әрекеттер:
<ul style="list-style-type: none"> <li>құжатталған ақпаратты дұрыс басқармау;</li> <li>құжатталған ақпараттың ішкі және сыртқы алмасуының нашар жұмыс істейтін арналары, сәйкес келмейтін байланыс;</li> <li>қызметкерлердің қабілетсіздігі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>уақытылы тарату, мүдделі тұлғалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, өзгерістерді бақылау, құпиялылық, сайтта және ақпараттық стендтерде тек Pdf форматында электрондық нұсқаларды орналастыру;</li> <li>қызметкерлерге құжаттау ережелері туралы қосымша ақпарат беру.</li> </ul>

## 12. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

12.1 Рәсімді әзірлеуді және қолданысқа енгізуді ұйымдастыру үшін жауапкершілік оқу процесіне тартылған тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

12.2 Құжатталған ақпаратты басқару бойынша құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін бөлу:

12.2.1 ББББ басшысы: құжатталған ақпаратты өзектендіру, құжатталған ақпараттың сапа саласындағы стандарттар талаптарына сәйкестігін тексеру;


12.2.2 декандар, кафедра меңгерушілері, ПОҚ: осы Ережені жақсарту бойынша ұсыныстарды орындау және әзірлеу.

Бөлімше	Өкілеттіліктері
Әдістемелік кеңес	ЭПК бекіту
Факультеттің академиялық сапа жөніндегі комиссиясы	ЭПК келісу
ББББ	Білім беру бағдарламаларын келісу
ӨБ	- Құжатталған ақпаратты өзектендіру; - ЭПК мониторингі және тексеру.
Кафедра	- ЭПК әзірлеу (Ф.ББББ- ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-14-01); - ЭПК Университет сайтына жүктеу.

**ҚОСЫМШАЛАР**

**Н.ББББ-8.3/8.1-2025-14-01 (міндетті)**

*Элективті пәндер каталогының нұсқасы*

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазҒТУ» АҚ/ АО «ҚазҒТУ имени К.Кулажанова»/ JSC «K. Kulazhanov KazUTB»	Код согласно номенклатуры дел	
Элективті пәндер каталогы/ Каталог элективных дисциплин/ Catalog of elective disciplines	Редакция №	

**БЕКІТІЛГЕН / УТВЕРЖДЕН / APPROVED**  
 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазҒТУ» АҚ ӘК шешімімен /  
 Решением МС АО «ҚазҒТУ имени К.Кулажанова»/  
 By the decision of the MC of JSC «K. Kulazhanov KazUTB»  
 Хаттама/Протокол/Record №

«\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ жыл/ год/ year

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ  
 КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН  
 CATALOG OF ELECTIVE DISCIPLINES**

Білім беру бағдарламасының коды және атауы (БББ түрі: Major / Minor) /  
 Код и наименование образовательной программы (вид ОП: Major / Minor) /  
 Code and name of the educational program (type of EP Major / Minor)

Білім беру саласының коды және атауы /  
 Код и классификация области образования /  
 Code and classification of the field of education

Даярлау бағытының коды және атауы /  
 Код и классификация направления подготовки /  
 Code and classification of training directions

Білім беру бағдарламалары тобының коды мен атауы /  
 Код и классификация группы образовательных программ /  
 Code and classification groups of educational programs

Дайындық деңгейі: бакалавриат / магистратура / докторантура /  
 Уровень подготовки: бакалавриат/ магистратура/ докторантура /  
 Level of preparation: bachelor/ master/ doctoral

Оқуға түскен жылы / Набор / Enrolment of 202\_\_ жыл / года / year

№	Пәндердің және циклдердің атауы Пәннің қысқаша мазмұны	Наименование циклов и дисциплин Краткое содержание дисциплины	Name of cycles and disciplines Summary of the discipline
	Жалпы білім беретін пәннің жоғары оқу орны компоненті / University component of general education discipline	University component of general education discipline	University component of general education discipline
	<p><b>Пәннің коды:</b> (ZhK) MERRFG 1107-25</p> <p><b>Пәннің атауы:</b> Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)</p> <p><b>Академиялық кредиттер көлемі:</b> 5</p> <p><b>Пререквизиттер:</b> Мектеп бағдарламасы</p> <p><b>Постреквизиттер:</b> Білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес</p> <p><b>Пәннің қысқаша сипаттамасы:</b> Интеграцияланған пән экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық негіздерін қамтиды. Негізгі экономикалық тұжырымдамаларды, бизнесті жүргізу қағидастарын, қызметтің құқықтық аспектілерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздерін зерттейді. Қаржылық жоспарлаудың, жеке қаржы мен инвестицияларды басқарудың негізгі принциптерін қарастырады. Экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, тұрақты бизнес-құзыреттерді қалыптастыру және жеке қаржыны басқару дағдыларын дамытуға ықпал етеді.</p> <p><b>Пәннің оқу нәтижелері:</b> Негізгі экономикалық және құқықтық қағидаларды, қаржылық хабардарлықты</p>	<p><b>Код дисциплины:</b> (VK) MERRFG 1107-25</p> <p><b>Наименование дисциплины:</b> Модуль экономики, предпринимательства, права и финансовой грамотности (основы экономики и предпринимательства, основы права и антикоррупционная культура, основы финансовой грамотности)</p> <p><b>Количество академических кредитов:</b> 5</p> <p><b>Пререквизиты:</b> Школьная программа</p> <p><b>Постреквизиты:</b> В соответствии со спецификой образовательной программы</p> <p><b>Краткое описание дисциплины:</b> Интегрированная дисциплина охватывает основы экономики, предпринимательства, права и финансовой грамотности. Изучает ключевые экономические концепции, принципы ведения бизнеса, юридические аспекты деятельности и основы антикоррупционной культуры. Рассматривает базовые принципы финансового планирования, управления личными финансами и инвестициями. Способствует развитию навыков для эффективного принятия экономических решений, правовой защиты, формирования устойчивых бизнес-компетенций и управления личными финансами.</p> <p><b>Результаты обучения дисциплины:</b> Применяет в профессиональной деятельности знания экономики и права, а также навыки предпринимательства и финансовой грамотности, используя ключевые экономические и правовые</p>	<p><b>Discipline code:</b> (UC) MERRFG 1107-25</p> <p><b>Discipline name:</b> Module on economics, entrepreneurship, law, and financial literacy (fundamentals of economics and entrepreneurship, basics of law and anti-corruption culture, basics of financial literacy)</p> <p><b>Number of academic credits:</b> 5</p> <p><b>Prerequisites:</b> School program</p> <p><b>Post-requirements:</b> In accordance with the specifics of the educational program</p> <p><b>Brief description of the course:</b> Integrated discipline covers the fundamentals of economics, entrepreneurship, law and financial literacy. Examines key economic concepts, business principles, legal aspects of business and the basics of anti-corruption culture. Examines basic principles of financial planning, personal finance and investment management. Develops skills for effective economic decision-making, legal defense, building sustainable business competences and personal financial management</p> <p><b>Learning outcome of the discipline:</b> Applies in professional activity knowledge of economics and law, as well as entrepreneurial skills and financial literacy, using key economic and legal principles, financial awareness and demonstrating civic responsibility in behavior</p>

<p>пайдалана және мінез-құлықта азаматтық жауапкершілікті көрсете отырып, кәсіби қызметте экономика және құқық білімін, сондай-ақ кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық дағдыларын қолданады.</p>	<p>принципы, финансовую осведомленность и демонстрируя гражданскую ответственность в поведении.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Базалық пәндер / Базовые дисциплины / Basic disciplines</b>      <b>кредит / кредита / credits</b></p>	
<p><b>Пәннің коды:</b> ЖК ММТР 1212-25 <b>ТК ММТР 1212-25</b> (таңдау немесе университеттің пәндік компоненті – пән құрылымының үлгісі) <b>Пәннің атауы:</b> <b>Академиялық кредиттер көлемі:</b> <b>Пререквизиттер:</b> <b>Постреквизиттер:</b> <b>Пәннің қысқаша сипаттамасы</b> (пәннің қысқаша сипаттамасында студенттердің пәнді оқығаннан кейінгі қалыптасатын мақсаты, негізгі теориялық білімдері мен практикалық дағдылары анық және қысқаша баяндалады. Пәннің сипаттамасында қандайда бір терминдер, дәрістер, оқулықтардан үзінділер болмауы керек) <b>Пәннің оқу нәтижелері:</b> Пән бойынша оқу нәтижелері - бұл оқушы пәнді сәтті аяқтағаннан кейін жасай білуі тиіс нәрсе</p>	<p><b>Код дисциплины:</b> VK ММТР 1212-25 <b>KV ММТР 1212-25</b> (по выбору или вузовский компонент – это образец как оформлять код дисциплины) <b>Наименование дисциплины:</b> <b>Количество академических кредитов:</b> <b>Пререквизиты:</b> <b>Постреквизиты:</b> <b>Краткое описание дисциплины:</b> (в кратком описании дисциплины четко и кратко формулируются цель, основные теоретические знания и практические навыки, которые приобретут обучающиеся после изучения дисциплины. Описание дисциплины не должно содержать какие-либо термины, выдержки из лекций, учебников) <b>Результаты обучения дисциплины:</b> Результаты обучения дисциплины - это то, что обучающийся должен уметь делать после успешного завершения дисциплины.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Бейіндеуші пәндер / Профилирующие дисциплины / Profiling disciplines</b>      <b>кредит / кредита / credits</b></p>	
<p><b>Пәннің коды:</b> <b>Пәннің атауы:</b> <b>Академиялық кредиттер көлемі:</b></p>	<p><b>Discipline code:</b> <b>Discipline name:</b> <b>Number of academic credits:</b></p>

<b>Пререквизиттер:</b> <b>Постреквизиттер:</b> <b>Пәннің қысқаша сипаттамасы:</b> <b>Пәннің оқу нәтижелері:</b>	<b>Пререквизиты:</b> <b>Постреквизиты:</b> <b>Краткое описание дисциплины:</b> <b>Результаты обучения дисциплины:</b>	<b>Prerequisites:</b> <b>Post-requirements:</b> <b>Brief description of the course:</b> <b>Learning outcome of the discipline:</b>

ӘЗІРЛЕНДІ/ РАЗРАБОТАНО/ DEVELOPED

Кафедра меңгерушісі/ Заведующий кафедрой/ Head of Department

МАҚҰЛДАНДЫ/ ОДОБРЕНО/ CONFIRMED

Факультеттің АСЖК төрағасы/ Председатель КАК факультета/ Chairman of the Faculty AQC

БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНО/ APPROVED

ӘК төрағасы/ Председатель МС/ Chairman of the МС

Э.Б. Аскарбеков

## Латын әліпбиінің әріптік белгілері

Қазақ әліпбиінің әріптері	Орыс әліпбиінің әріптері	Латын әліпбиінің әріптері
Ә, А	А	A
Б	Б	B
В	В	V
Ғ, Г	Г	G
Д	Д	D
Е	Е	E
Ж	Ж	Zh
З	З	Z
І, И	И	I
Қ, қ	К	K
Л	Л	L
М	М	M
Ң, н	Н	N
Ө, О	О	O
П	П	P
Р	Р	R
С	С	S
Т	Т	T
Ү, ү, У	У	U
Ф	Ф	F
Һ, Х	Х	H
Ц	Ц	C
Ч	Ч	Ch
Ш	Ш	Sh
Э	Э	E
Ю	Ю	Yu
Я	Я	Ya



